

Өмірбаяны

Ысқақова Гүлнар Долдашқызы, қазақ, 1970 жылы 2 қазанда Алматы облысында дүниеге келген. 1987 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын Киров ОАА перзентханасының жаңа туған нәрестелер палатасының санитары ретінде бастады. 1988 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетіне түсті. Оқуын Алматы қаласындағы № 1 перзентхананың жаңа туған нәрестелер бөлімінің медбикесінің жұмысымен біріктірді. Институтты аяқтағаннан кейін Талдықорған қаласының Біріккен ауруханасында учаскелік педиатры болып жұмыс істеді. 1999 жылы Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтының инфекциялық аурулар кафедрасында (ересектер) жұмысын жалғастырды. 2001 жылдың қазанынан 2004 жылдың ақпанына дейін қалалық ақпараттық-талдау орталығының қызметін атқарған ОҚКА ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінде дәрігер-статистик болып жұмыс істеді. 2004 жылдан бастап 2007 жылға дейін № 1 Балалар қалалық клиникалық ауруханасының дәрігер-статистигі, одан кейін медициналық статистика кабинетінің меңгерушісі ретінде қызмет атқарған. 2007 жылдан бастап және 2010 жылға дейін Медициналық ақпараттық-талдау орталығында статистика бөлімінің басшысы, содан кейін «ДСДРО» АҚФ директорының орынбасары лауазымында жұмыс істеді. 2010 жылдан 2016 жылға дейін № 7 Қалалық клиникалық аурухананың бас дәрігерінің ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді. Қазіргі уақытта Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы Алматы қалалық филиалының директоры қызметін атқарады. .

«Денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырушысы» мамандығы бойынша бірінші біліктілік санаты бар. «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша магистр.

«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» (2010ж.) белгісімен, сондай-ақ «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» (2020ж.) төсбелгісімен марапатталған, Алматы қаласы Әкімінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, «Нұр-Отан» ХДП грамоталарымен марапатталған.